

№1 педагогикалық кеңестің  
шешімінде қабылданды  
(2021 жылғы 31 тамыз №1 хаттама)



«БЕКТЕМІН»  
Актини» бөбекжай балабақшасы»  
Монгеруши К.Н.Абилядаева

Ересек «Балдырған» тобында перспективалық жоспар құруға арналған өтпелі тақырыптар

2021-2022 оқу жылы

| № | Тақырыптар                | Мақсаты                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Балабақша                 | Балаларда әлеуметтік дағдыларды, мектепке дейінгі ұйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға, бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту. Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру.                                                                                                               |
| 2 | Менің отбасым             | Отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді                                                                                                                                                                         |
| 3 | Қош келдің, алтын күз!    | Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, күрең күз – көкөніс, жемістер, астық өнімін жинау мезгілі.                                                                                                     |
| 4 | Менің Қазақстаным         | Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды, білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру, жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеу, «Шығармашылық» қабілеттер, ойлау мен қиялдауды қалыптастыру                                                                                                         |
| 5 | Қызықты қыс мезгілі       | Қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру. Қардың қатты аяздан жерді, ағаш, көпжылдық гүлдердің тамырларын қорғайтыны, мұз қалашығының құрылысын салуға, шанамен, шаңғымен сырғанау, қыс мүсіндерін жасау, қар атысып ойнау үшін қажеттігін түсіндіру.                                               |
| 6 | Бізді қоршаған әлем       | Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз ету                                                                                                                                                          |
| 7 | Салт-дәстүр және фольклор | Қазақ халқы тұрмысының салт-дәстүрлері мен ерекшеліктері туралы түсініктер беру, бала тұлғасының руханиадамгершілік негіздерін қалыптастыру, эмоциялар, сезімдер, ойлауды, қоғамда әлеуметтік бейімделу механизмдерін дамыту, балаларды төзімділікке, ұлттық және дінге шыдамдылық рухында тәрбиелеу                                                                     |
| 8 | Табиғат әлемі             | Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған. |
| 9 | Әрқашан күн сөнбесін!     | Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін жақын адамдарына сүйіспеншілік, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған еліне, қаласына, ауылына құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеу                                                                                                                                                             |